

2010 жылы Егіндікөл ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 наурыздағы № А-3/56 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 сәуірде № 1-8-93 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № А-12/269 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімінің 2010.12.29 № А-12/269 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 7, 8 тармақтарына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылы Егіндікөл ауданында қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. Қоса беріліп отырған 2010 жылы Егіндікөл ауданы бойынша ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты шарттары, қатысушылардың еңбек ақы мөлшері және оларды қаржыландыру көздері б е к і т і л с і н .
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж . С . Ы с қ а қ о в а ғ а жүктелсін.
4. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
5. Осы қаулының әрекеті 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Б.Сұлтанов

КЕЛІСІЛДІ:

«Егіндікөл ауданының
жұмыспен қамту
және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі»
 мемлекеттік мекемесінің
 бастығы А.Қазбеков
 «Егіндікөл қаржы
 мемлекеттік мекемесінің
 бастығы Т.Двороковская
 Егіндікөл ауданы әкімдігінің
 2010 жылғы 15 наурыз № А-3/56
 қаулысымен бекітілген

Егіндікөл ауданы ауыл және ауылдық округтерінің тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты шарттары, қатысушылардың еңбек ақы мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

Ауыл немесе ауылдық округтің атауы	Жұмыстың түрлері	Адам-дар саны	Орындал-ған жұмыс көлемі	Еңбек шарт-тары	Жергілікт бюджеттен төленетін жалақы мөлшері
«Абай ауылы әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	3	2700 м2	Ы ң ғ а й л ы к е с т е б о й ы н ш а, т о	134568
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	2	960 сағ.		89712
«Алакөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	6	5400 м2		269136
	Ұйымдарға аумақты жинауға көмектесу	3	4500 м2		134568
«Спиридоново ауылы әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	4	2700 м2		179424
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	1	960 сағ.		44856
«Бауман ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ұйымдарға аумақты жинауға көмек көрсету	2	3000 м2		89712
	Ауылды көгалдандыру және көркейту	5	4500 м2		224280
«Буревестник ауылы әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	4	3600 м2		179424
«Егіндікөл ауылы әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	14	12600 м2		627984
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	4	1920 сағ.		179424

	Әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандарды жөндеу жұмыстары	2	2000 м2	л ы к е м е с ж ұ м ы с к ү н і	89712
	Ұйымдарға аумақты жинауға көмек көрсету	3	4500 м2		134568
«Жалман-құлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	2	1800 м2		89712
«Қоржынкөл ауылы әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	3	2700 м2		134568
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	1	480 сағ.		44856
«Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ауылды көгалдандыру және көркейту	8	7200 м2		358848
	Аулаларды аралау және халықтың, малдың санағын алу	3	1440 сағ.		134568
	ЖИЫНТЫҒЫ:	70			3139920